



Мектеп директорларына

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының оқу-әдістемелік орталығының 2024 жылдың 16 қыркүйек күнгі №506-Ө бұйрығына сәйкес «Үздік бейнесабак» аудандық сырттай байқауын өткізілетінін хабарлайды. Байқаудың аудандық кезеңі 2024 жылдың 18 қазан күні өткізіледі.

Осыған орай, қосымша ережеге сәйкес **18 қазанына дейін** arnat.madzhit@yandex.kz электрондық почтасына жіберулеріңізді сұрайды.

Байқаудың ережесі қоса беріледі.

Қосымша: 3 бет.

Т.Рысқұлов ауданының
білім бөлімінің басшысы

М.Сванов

Орындаған: А.Маджит
Тел: 2-14-10

«Бекітемін»
Т.Рысқұлов ауданының
білім бөлімінің басшысы
М.Сванов
« 09 » 10 2024 жыл



Халық Қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевтың 100 жылдығына орай
«Үздік бейнесабак» аудандық сырттай байқауының
(Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің педагогтері
арасында)
ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы ереже аудандық «Үздік бейнесабак» сырттай байқауының тәртібі мен шарттарын белгілейді.

1.2. Байқаудың мақсаты – аудандағы білікті педагогтерді анықтау, қолдау және шығармашылық потенциалын ашу, озық педагогикалық тәжірибелерді жинақтау, тарату.

1.3. Міндеттері:

- аудандық виртуалдық білім беру кеңістігінде білім берудің үздік бейнесабактар қорын құру;
- педагогтердің цифрлық ресурстармен жұмыс істеу қабілеттерін анықтау;
- оқытудың жаңа тәсілдерін қолдану бағытында педагогтердің кәсіби шеберліктерін бағалау;
- педагогтердің кәсіби деңгейін арттыру мақсатында озық педагогикалық тәжірибелерді жинақтау және тарату.

1.4. Байқауды Тұрар Рысқұлов ауданы білім бөлімі ұйымдастырады.

Ұйымдастырушы комитетіне келесідей жұмыстар жүктеледі:

- Байқауды ұйымдастыру және сараптау комиссияларын тағайындайды;
- Байқауға ұсынылған сұраныстарды және материалдарды қабылдайды;
- Байқаудың өткізу уақыты мен ережесін дайындайды;
- Байқау қорытындыларын рәсімдейді.

1.5. Пәндер бойынша байқау қорытындысын шығару сараптау комиссиясына жүктеледі.

2. Байқаудың өткізілу кезеңдері

2.1. Байқауға білім беру ұйымдарының Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәндерінің педагогтері қатыса алады.

2.2. Байқауға қатысушылардың сұраныстарын ұйымдастыру комитетіне 2024 жылдың 18 қазанына дейін arnat.madzhit@yandex.kz электронды поштасына жолдау қажет.

3. Байқау жұмыстары төмендегі критерийлер бойынша бағаланады:

1. Мазмұнының тереңдігі.
2. Ғылыми және әдістемелік құндылығы.
3. Жаңашылдығы, әлеуметтік маңызы.
4. Көпшілік алдында өзара қарым-қатынас жасай білуі.
5. Сабақтың дидактикалық жабдықталуы.

4. Байқауға ұсынылатын жұмыстардың талаптары

3.1. Сабақ жоспары қағаз және электронды түрде ұсынылады:

3.2. Панорамалық сабақтың техникалық сипаттамасы:

- Панорамалық сабақтың ұзақтығы – 20 минут

(бастапқы мен қорытынды кезеңдері толық)

- Форматы: HD (1280x720) бастап Full HD (1920x1080) дейін;

5. Жеңімпаздарды марапаттау тәртібі

4.1. Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздар анықталады.

4.2. Байқаудың жеңімпаздары I, II, III дәрежелі дипломдар және алғыс хаттармен марапатталады.

6. Байқауға қатысуға сұраныс

Байқауға ұсынылатын материалдар туралы мәлімет		
1.	Пән атауы (білім саласы)	
2.	Сабақтың тақырыбы	
3.	Сыныбы	
4.	Өткізу тілі	
Қатысушы туралы мәлімет		
5.	Т.А.Ә.	
6.	Білімі	
7.	Ғылыми атағы, дәрежесі	
8.	Біліктілік санаты	
9.	Педагогикалық өтілі	
10.	Жұмыс орны	
11.	Лауазымы	
12.	Мекен-жайы	
13.	Байланыс телефоны	
14.	Электронды поштасы	

Ескерту: сұраныс аудандық (қалалық) білім бөлімі басшысының қолы мен мөрімен расталуы тиіс.